

ӘОЖ 81

ҒТАХР 16.21.43

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.007>

«ДЕП» КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТІ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

* Ерназарова З.Ш.¹, Ерназарова Г.Ш.²

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада деп көмекші етістікті полипредикативті сөйлемдердің қалыптасуы когнитивті – семантикалық аспектіде қарастырылады. «Деп» көмекші етістігінің сөйлемдегі қызметі құрылымдық грамматикада зерттелгенімен, оның семантикасы, сөйлемнің басыңқы компонентімен байланысы толық ашылмады. Бұл «деп» көмекші етістігінің көмекші сөздер қатарына енгенімен, «сөйлеу» лексикалық мағынасының толық жоғалмауымен байланысты.

Когнитивті синтаксис ойлау үдерісінің тілде бейнеленуін қарастыратын когнитивті лингвистиканың бір бөлігі болып табылады. Когнитивті синтаксистің басты ерекшелігі ойлау әрекетінің күрделі болмысы мен оны коммуникацияда бейнелейтін тілдік бірліктердің арасындағы байланысқа тән заңдылықтарды ашып модельдеуінде жатыр.

Зерттеудің ғылыми–теориялық негіздемелеріне когнитивті лингвистикада қалыптасқан концепт, концептуализация, категоризация, менталды кеңістік, фреймдік семантика категориялары, сөйлемнің семантикалық модельдері — прототиптер туралы теориялар алынды. Зерттеу материалдары Алматы қазақ тілі корпусынан «деп» көмекші етістікті сөйлемдер қатары жинақталып, мағыналық байланыс түрлеріне қарай талданды.

«Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымы таным үдерісінің нәтижесі деп бағаланып, мазмұнына фреймдік–семантикалық талдау жасалды. Фреймдік–семантикалық талдау сөйлемді қалыптастыратын таным үдерістерін реконструкциялауға, сөйлем мазмұнында бейнеленетін білім қорын құрылымдауға көмектеседі. Соның нәтижесінде бірінші рет «деп» көмекші етістікті сөйлемдердің когнитивті модельдері анықталды. «Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдардың субъектінің әрекетін тудырған ішкі ниет, мақсатын нақтылайтын бағалаушы фреймдерді бейнелейтіні нақтыланды.

Тірек сөздер: деп көмекші етістігі, синтаксистік құрылым, когнитивті-семантикалық аспект, прототип, фрейм, семантика, грамматика, когнитивті лингвистика

Кіріспе

Тілдің когнитивті қызметін зерттеу адам танымында білім қорының қалыптасуын, құрылымдануын тіл бірліктерінің түрлері және олардың құрылымдық мағыналық сипатымен анықтауды мақсат етеді. Зерттеу жұмыстары танымның категоризациялау үдерісінің тілдік көріністерін анықтауға, оның жүзеге асу механизмін түсінуге бағытталады.

Қазақ тіл білімінде синтаксис саласы құрылымдық-семантикалық, коммуникативті аспектілерде зерттелді. Сөйлемді когнитивті аспектіде зерттеу сөйлеуші танымында концептуалданатын объективті шындықтың сөйлем мазмұнына берілуін анықтайды. Сыртқы әлемнен алынатын ақпарат адам танымындағы концептілер жүйесінің сүзгісінен өтеді. Сөйтіп сөйлем түрінде сыртқа шығарады. Объективті шындық сөйлем мазмұнында уақыт, кеңістік, орын, әрекет концептілері арқылы және олардың арасындағы адамның таным үдерісі барысында анықталатын әртүрлі тәуелді, туындаушы (себеп-салдар), бағыттас (ыңғайлас), қарсылас байланыстар түрінде бейнеленеді. Сөйлемді адамның таным әрекетінің туындысы ретінде бағалап, оны белгілі бір сөйлеу жағдаятымен байланысты қарау құрылымдық және семантикалық байланыстарын толық талдауға, грамматикалық формалардың қызметтерін түсінуге көмектеседі. Бұл, әсіресе, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде маңызды. Тілді үйренуші тілдік бірліктерді қай жағдайда, қандай мақсатта қолдану керектігін білгісі, қолданғысы келеді. Ал қазіргі қазақ тілін оқыту лингводидактикасы бұл сұраққа нақты жауап бере алмай отыр. Мәселені шешу үшін сөйлем мазмұнын талдауда антропоэктілік қағидасы басшылыққа алынуы тиіс. Бұндай зерттеулер синтаксисті зерттеудің жаңа бағытын когнитивті синтаксисті дамытады [1, 19-21 бб.; 2, 11 б.].

Зерттеудің өзектілігі қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда синтаксистік құрылымдардың қызметін адамның таным үдерісімен байланысты түсіндірудің, яғни когнитивті аспектіде меңгертудің қажеттілігімен анықталады. «Деп» көмекші етістікті сөйлемдерді когнитивті аспектіде зерттеу, прототипті модельдерін анықтау, пропозициясына семантикалық талдау қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде өзге құрылымдарды оқытудың лингводидактикалық негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазақ тілі білімінде полипредикативті құрылымдар құрылымдық-мағыналық аспектіде Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Қ.М.Есенов, Қ.Шәукенов еңбектерінде зерттелді. А.Әбілқасымның еңбегінде «де» көмекші етістігінің тілдік қолданыстарына функционалды-семантикалық талдаулар жасалды [3, 14 б.]. «Деп» көмекші етістігінің сөйлемде пысықтауыштық қатынасты қалыптастыратыны көпшілікпен мойындалған.

«Де» етістігі көсемшенің барлық формасын қабылдап түрлене алады.

Бірақ солардың ішінде сөйлемде жиі қолданып, әртүрлі қызмет атқаратыны – п формалы түрі – «деп» формасы. «Деп» көмекші етістігінің сөйлемдегі байланыстырушы қызметі түрколог ғалымдардың назарын аударып, әртүрлі түсіндіріліп келді. Түркологияда сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы қызметіне қарап, «деп» сөзін шылау деп есептеушілер де жеке дербес лексема ретінде қарастырушылар да бар. Қазақ тіл білімінде «деп» көмекші етістіктің қайшылықты табиғатын арнайы зерттеген Н.Т.Сауранбаев [1944], А.Әбілқаев [1962] болды.

Ғылыми еңбектерге жасалған шолу «де» етістігінің түрленуімен сөйлем ішінде атқаратын қызметі кеңінен сипатталғанымен, оның сөйлемді байланыстырушы қызметінің табиғаты семантикалық жағынан толық талданбағанын байқатты. «Сөйлеу» деген лексикалық мағынасынан толық айырылмаған «деп» көмекші етістігінің сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы қызметі толық ашылмады. Сондықтан болар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде аталған құрылымдарды меңгерту көп қиындық туғызады. Бұл «деп» етістігінің синтаксистік қызметінен туындайтын грамматикалық мәртебесімен байланысты. Деп көмекші етістігі тұрақты түрде сөйлемнің компоненттерін байланыстырып, әртүрлі мағыналық байланысты қалыптастырады. Алайда лексикалық мағынасынан толық айырылмағандықтан, жалғаулықтар қатарына да жатпайды. Оның сөйлеудегі лексикалық мағынасы сөйлем мазмұнын құрауға қатысады. Қайшылықтан шығудың жолы аталған құрылымдардың қалыптасуын таным үдерісімен, сөйлеу жағдаятымен байланыстырып, сөйлем мазмұнына фреймдік семантикалық талдау жасау, семантикалық-синтаксистік прототиптерін анықтау. Сөйтіп тіл үйренушіге сөйлеу жағдаятында анықталатын менталды кеңістікті, оның компоненттерін талдау арқылы «деп» көмекші етістікті сөйлемдерді түсініп қолдану дағдысын қалыптастыру.

«Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдарды когнитивті аспектіде сөйлеуші субъектінің таным әрекетімен байланысты зерттеу аталған құрылымдардың қалыптасу механизмін реконструкциялауға ықпал етеді.

Когнитивті лингвистиканың басты ерекшелігі тілді әлем туралы, тіл туралы және сөйлеу жағдаяты туралы білімді байланыстыратын таным үдерісінің нәтижесі әрі таным құралы ретінде қарастыруынан көрінеді [Кубрякова, 391-б.]. Б.Норманның пікірінше, таным үдерісіндегі грамматиканың қызметін зерттеуде екі тұжырымды ұстану керек. Біріншіден, сөйлем құрылымы мен синтаксистік қатынастар — алдыңғы ұрпақтың таным әрекеті мен тәжірибесінің нәтижесі, ақпаратты тілмен жеткізудің қоғамдық деңгейде қабылданған модельдері. Сөйлем модельдерін анықтайтын — синтаксистік қатынастар. Синтаксистік қатынастар — танымда жүйеленген сырттан алынған ақпараттар арасындағы байланыстардың тілдік көрінісі. Тілде таным деңгейінде анықталған қатынастарды жеткізетін тілдік

бірліктер жүйесі қалыптасқан. Олар ақпаратты жүйелеуге, тәртіпке келтіруге көмектеседі [5, 34 б.].

Синтаксистік қатынастар деп отырғанымыз, сөйлем мазмұнын құрайтын компоненттер арасындағы мағыналық байланыстар. Сөйлем мазмұнында берілетін объективті шындықты пропозиция деп атау қалыптасқан. Яғни, сөйлем синтаксистік қатынастардан құрылатын болса, әрбір синтаксистік қатынастың түрі — адамның таным әрекетінің көрінісі. Таным әрекетін концептуализациялау және категоризациялау деп екіге бөлу қабылданған тұжырым. Е.А.Кубрякова синтаксистік қатынастар — таным әрекетінің нәтижесі, сондықтан сөйлем құрылымының ұйымдасуында белгілі бір таным үдерістері — концептуалдау және категоризациялау үдерістері жатқанын айтады [4, 305 б.]. Адам танымының категоризациялау үдерісі сырттан алынған ақпаратқа тән белгілерді анықтайды, оны жадыда сақталған білім қорларымен салыстырады, ұқсастығын, бірегейлігін тауып, жалпылайды, вариативті сипатын топтастырады, ерекшелігін ажыратады, инвариант модельді анықтайды. Сөйлем пропозициясында берілген ақпарат адам танымында әрекет иесі, әрекет және оның өту мезгілі(шак), өту сипаты, құралы сияқты белгілер бойынша құрылымданады немесе категоризацияланады. К.М.Абишева тіл білімі қарастырылатын категоризациялаудың мына түрлерін сипаттайды: 1) классикалық бағыт; 2) туыстық ұқсастық; 3) прототиптік; 4) логикалық; 5) өрістік; 6) оппозициялық; 7) когнитивтік. [6, 34 б.]. Сөйлем пропозициясы таным деңгейінде өтетін прототиптік және логикалық категоризациялаудың негізінде анықталады. Осындағы прототип ұғымына тоқталсақ. Прототип — бір тіл иелеріне ортақ сөйлем құрылымдарының типтік модельдері. Прототиптік категоризация үдерісі барысында шындықтың танымда қалыптасқан ортақ сызба, бейне, стереотиптер негізінде танылады [4, 21-27 бб.; 9, 376.].

Прототиптік сөйлем модельдері — шындықты танудың, қабылдаудың танымдағы ортақ модельдері. Протоиптік модельдер бойынша сансыз сөйлемдер құрылады.

Сөйлем пропозициясын когнитивті аспектіде зерттеудің әдісін анықтау — күрделі мәселе. Өйткені сөйлем мазмұны бірнеше семантикалық қабаттардан — объективті шындық пропозициядан, сөйлеушінің ақпаратқа қатысты субъективті ойы, көзқарасы мен бағасынан, сөйлеу жағдаятынан құрылады. Бұл туралы Н.Г.Шаймерденова сөйлем пропозициясы объективті шындықтың менталды және тілдік бейнесінің логикалық пайымдаулар арқылы берілуі деп сипаттайды. [7, 22-23 бб.] . Ғалым логикалық пайымдаулар арқылы берілуі дегенде сөйлемнің танымдағы анықталған прототиптік модельдері мен белгілі бір сөйлеу жағдытымен байланысты орын алатын категоризациялау үдерістері арасындағы байланысты айтып отыр деп түсінеміз.

Когнитивті грамматиканың негізін қалаған Р.Лангакер грамматикалық формаларды танымдық аспектіде зерттеудің ғылыми–зерттеу аппараты

ретінде ментальді кеңістік, когнитивті модель, профиль ұғымдарын енгізген болатын. Ментальді кеңістік нақты сөйлеу жағдаятында адам танымында анықталатын білім қоры мен тәжірибесінен құралады. Ал профиль ұғымы предикатпен байланысты әрекеттің орны, кеңістігі, уақыты, субъектісі деп бөлінеді[8, 27-30-бб.]

Сөйлемді когнитивті аспектіде зерттеу алгоритмін Л.А. Фурс мына түрғыда сипаттайды: 1) редуccionизм — мазмұнды құраушы бөлшектер арасындағы мағыналық байланыстарды жалпылау арқылы негізгі түрлерін анықтау, сызбалар түрінде абстракциялау; 2) унификациялау — ядролық-предикаттық қатынас түрлерін жүйелеу, прототиптік белгілерін саралау [9, 21-27 бб.]. Прототиптік модель негізгі мағыналық қатынасты сақтай отырып, шексіз сөйлем түрлерін туғызады [10, 82 б]. Яғни Л.А. Фурс сөйлемдегі синтаксистік қатынастарды талдап, жалпылауды, прототиптік модельдерін құруды ұсынады. Сөйлем мазмұнын құраушы бөлшектер Р.Лангакер ұсынған менталды кеңістікте анықталатын орын, кеңістік, уақыт, субъект, сөйлеу мақсаты мағыналық бөлшектері—фреймдер түрінде алынады

Сөйлем семантикасын фреймдік талдауда когнитивті лингвистикада Ч.Филлмордың фреймдік семантика теориясы басшылыққа алынады[11, 23 б.]. Фрейм танымда қалыптасқан білім қорының ең кіші мағыналық бөлшегі болып табылады. Фреймді анықтайтын басты белгілер — білімнің когнитивті құрылымы, белгілі бір құбылысқа/жағдайға тән типтік белгілердің иерархиясы/жүйелі құрылымы. Фреймдер слоттарға топтасады.

Фреймдік семантика теориясының мәнін Н.Н.Болдырев тілдің семантикалық аспектісі мен таным үдерісі арасындағы байланысты зерттейтін әдіс ретінде бағалайды [12, 61-б]. Фреймге тілдік бірлікпен байланысты ассоциацияланатын білім жиынтығы деген түсініктеме беріледі.

Фреймдік семантика теориясы лингвистикалық зерттеулерде өте жиі қолданылады. О.В.Гусельникова когнитивті лингвистика саласында фреймдік талдау әдісін қолданған зерттеулерді екі топқа ажыратады: 1) сөз мағынасының қалыптасуын таным әрекетімен байланысты қарастыратын зерттеушілер фреймдік талдауды сөзбен аталатын ұғым туралы танымда қалыптасқан білім қорын құрылымдауға құрады (затты, оған тән аспектілерді тану, салыстыру, ұқсату), сөздің атаумен адам ойында туындайтын бейнелерді жүйелейді; 2) екінші бағыттағы зерттеушілер фреймдік талдауды тілдік бірліктердің когнитивті пропозициялық құрылымын модельдеу үшін қолданады. Олардың пікірінше, объективті шындықтың тілдің семантикалық жүйесінде бейнеленуіне адам танымындағы білім қоры — концептілер қатысады [15, 29-32бб.]. Сөйлем мазмұнын фреймдік-семантикалық талдау пропозицияның орталығы предикатпен байланысты танымда қалыптасқан білімнің орын, кеңістік, уақыт, субъект сияқты компоненттерге негізделеді.

Н.Н.Болдырев сөйлемге қатысты фреймдік талдаудың функционалды сипатын ажыратады. Ғалымның пікірінше, ақпаратты тану, талдау

танымда қалыптасқан синтаксистік прототиптік модельдер бойынша жүзеге асады. Синтаксистік құрылымның қалыптасуында бірнеше таным категориялары өзара байланысқа түседі де, прототиптік синтаксистік модельдің семантикалық құрылымы соған қарай анықталады. Сол себепті сөйлем мазмұнын анықтайтын категоризациялау үдерісін функционалды категоризация деп атайды [13, 164 б.]. Өйткені адам сырттан алынатын ақпаратты танымда қалыптасқан концептілер жүйесінде ғана сараламай, сөйлеу жағдаятымен, сөйлеуші мақсатымен байланыстыра отырып, талдайды, анықтайды.

Л.А.Фурс осы идеяны әрі қарай тереңдетіп қарайды. Ол синтаксистік бірліктер арқылы көрінетін категоризациялауды 3 деңгейге бөледі: бірінші — прототиптік деңгей. Сырттан алынған ақпараттың прототиптік моделі анықталады. Прототип түрін адам таныған негізгі предикаттың сипаты анықтайды. Екінші деңгей — пропозициялық деңгей — сөйлем мазмұнында объективті шындықтың бейнеленуі. Үшінші деңгейде категоризациялау үдерісі ақпаратты кеңістік, орны, уақыт, сөйлеушінің мақсатымен, аксиологиялық құндылықтарымен байланыстырады [2, 21-25 бб.].

Сонымен синтаксистік құрылымды когнитивті аспектіде зерттеудің ғылыми-теориялық негіздемесін мына тұжырымдар құрайды:

- 1) синтаксистік құрылымның семантикалық түрлері таным үдерісі-категоризациялаудың нәтижесі;
- 2) сырттан алынған ақпарат адам танымында үш деңгейден тұратын категоризациялау үдерісінен өтеді. Категоризациялау фреймдер бойынша жүзеге асады;
- 3) белгілі бір сөйлеу жағдаяты туралы танымда қалыптасқан білім қорына жүйелі құрылымдық сипат тән, құрылымды анықтайтын — функционалды фреймдер. Олар адам танымымен байланысты менталды кеңістікте және сөйлеу жағдаятымен, сөйлеуші мақсатымен байланысты анықталады. Фреймдер арасындағы байланыс синтаксистік құрылымда синтаксистік қатынастарды қалыптастырады.

Зерттеу жұмысында семантикалық компонентті талдау, құрылымдық талдау, реконструкциялау әдістері қолданылады

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нысаны ретінде Алматы қазақ тілі корпусынан «деп» көмекші етістікті полипредикативті құрылымдардың 10 мыңнан аса қолданысы жинақталып, «деп» көмекші етістікті полипредикативті құрылымдар мағыналық байланысына қарай топтастырылды.

Танымға тән категоризациялау үдерісі лексикада сөздердің жаңа мағыналарда қолданылуы болса, грамматикада бірдей сөздер құрамымен әртүрлі мағыналық байланысты жеткізетін синтаксистік құрылымдарды құра алу икемділігінен көрінеді. Когнитивті грамматика мына үш теорияға сүйенуі керек деп есептейді Р. Лангакер. Жиі қолданылатын тілдік бірлік,

мысалы, морфема өзара байланысты бірнеше мағынаға ие. Бұл мағыналар белгілі бір жүйе құрайды. Жүйе прототиптік мағыналар және оның нақты жағдайларда көрінуі, түсіндірілуі болып табылатын түрлерінен құралады. Ч.Филлмор, Р.Лангакер когнитивті грамматиканың негізгі мақсаты осы мағыналар жүйесін анықтау, жүйенің құрылу, байланысу заңдылықтарын анықтау болу керек деп есептейді [11, 27 б.; 8, 30 б.]. Сондықтан зерттеу жұмысымызда деп көмекші етістікті құрылымдарға функционалды фреймдік-семантикалық талдау жасап, оларға ортақ прототиптік модельді анықталады.

«Деп» көмекші етістікті полипредикативті құрылымдарды қалыптасыратын категоризациялау үдерісін модельдеу үшін сөйлемдер мазмұнына фреймдік– семантикалық талдау жүргізілді.

Фреймдік-семантикалық талдау сөйлем пропозициясын қалыптастырушы лингвистикалық және экстралингвистикалық шарттарды құрылымдауды көздейді.

«Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдарға тән басты лингвистикалық предикаттық белгі болғандықтан, фреймдік талдау әрекеттің (әрекет субъектісі, объектісі, әрекетпен байланысты орын, өту сипаты, мақсаты) шақ, жақ, модальдық белгілеріне құрылады. Сонымен қатар зерттеу барысында де етістігінің диалогтағы қызметі назарда ұсталады. Өйткені де етістігі сөйлеу, айту лексикалық мағынасында жиі қолданылады. Диалог құраушы репликалар –сөйлесімдер бірін-бірі анықтайды, интеракциямен байланысты бірінен-бірі туындап жатады. Д.Боис диалогті таным әрекеті мен сөйлеу әрекеті үдерістерін бақылауға мүмкіндік беретін тілдік бірлік ретінде когнитивті аспектіде зерттейді. Диалог барысында алғашқы сөйлемде берілген ақпарат келесі сөйлемді қалыптастырып, мазмұнын анықтайды [15, 351 б.]. «Де» көмекші етістігінің диалогті қалыптастырушы қызметі, лексикалық мағынасы, оның өзге де синтаксистік құрылымдардағы семантикасында сақталуы мүмкін. Өйткені диалог барысында сөйлесім мазмұны бірінен-бірі туындап жатады. Сөйлесім мазмұнында деп көмекші етістігі сөйлесімді сөйлеу жағдаятымен, субъектімен байланыстыратын тілдік бірлік болып қалады.

Зерттеу жұмысы «деп» көмекші етістікті сөйлемдерді жинаудан, мағыналық байланыс түріне қарай топтастырудан басталды. Әр топтан бір-бір сөйлем үлгісі алынды. Сөйлесім мазмұнын құрайтын мағыналық компоненттерді талдау үшін бірдей пропозицияны жеткізетін синонимдік қатарлар құралды. Талдау нысаны ретінде лексикалық құрамы бірдей, бірақ сөйлем құрылымындағы синтаксистік қатынастар әртүрлі грамматикалық бірліктермен берілген сөйлемдер қатары алынды.

1) Оқуға түсу үшін дайындық орталығына барды.

2) Оқуға түсейін деп дайындық орталығына барды.

Сөйлеуші анықтаған әрекет мақсатының мазмұны әр сөйлемде әртүрлі. 1-сөйлемде сөйлеуші сөйлеу жағдаятындағы әрекеттің мақсатын

жалпылық сипатта анықтайды. Ол үшін сөйлеу жағдаятындағы субъектінің негізгі әрекетін атау маңызды, ал 2-сөйлемде әрекет мақсаты тілек, ниет мағынасымен күрделенген. Мақсатқа процессуалдылық сипат тән. Сөйлеуші үшін әрекеттің мақсатына назар аудару маңыздырақ. «Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымды фреймдік талдау:

а) уақыт белгісі: сөйлеу жағдаяты орын алған нақты уақыт бар. Әрекет иесі анық, әрекет орындалған; ә) әрекет: нақты мақсатқа бағытталған, субъект оны ниет, тілек ретінде жеткізеді. Бірақ нақты мақсат деңгейіне жетпеген. Оқуға түсу үшін дайындық керек. Дайындықтың бір түрі — оқу орталығына бару. Бұл — қоғамда қабылданған ереже, норма; б) әрекетті тудырған уәж: субъектінің нақтыланбаған ниеті; сөйлеуші өз тұжырымын қалыптасқан жағдайды бағалай отырып жасайды; в) субъектілік: сөйлеуші-бақылаушы. Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — пациенс — предикат. Тілдік қолданыстар: *Қамығып, басымды сипап отырып: «Сені берейік деп отырғамыз жоқ.*

Одан да байқай тұрайын деп ойлаушы еді(І.Есенберлин)

3) Міне, нағыз кеңсенің адамы деп осыны айт!

4) Міне, нағыз кеңсенің адамы.

3-сөйлемнің қолданылуы мүмкін сөйлеу жағдаятында категоризацияланатын білім қорының құрылымына фреймдік талдау: а) нақты бір сөйлеу жағдаятында (кеңсе) сөйлеуші мен нақты тыңдаушы, әрекет объектісі бар; ә) кеңсе адамы туралы қабылданған ереже-түсініктер бар; б) сөйлеу жағдаятында ережеге сай келетін объект бар; в) объектіге тән негізгі белгілерді тану, нақтылау бар; г) тыңдаушы мен сөйлеуші субъект арасында кеңсе адамы туралы бұған дейін әңгіме болған. Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — объект — предикат. «Деп» көмекші етістігі объектіні нақтылаушы қызметінде:

Сосын жиырма жеті шақырымдай жердегі мына Сарт моласынан сәл төменірек, Сарысудың Тасөткел деп аталатын тұсынан әскер арғы бетке өтіп бір түнепті... (І.Есенберлин).

4 - сөйлемге фреймдік семантикалық талдау: а) нақты сөйлеу жағдаяты бар. Ол — кеңсе; ә) кеңседе жұмыс істеуші адам бар; б) сөйлеу жағдаятын бақылаушы адам бар; в) бақылаушының кеңсе қызметкері туралы ұғым-түсініктері қалыптасқан; г) бақылаушы субъект әрекет етуші субъектінің жұмысын бағалайды.

Сөйлемнің семантикалық прототиптік моделі: агенс — предикат — белгі.

5) Оның «әкелемін» деп уәде бергенін естіді.

б) Ол: «Әкелемін», - деді.

Екі сөйлемдегі «деп» көмекші етістігі субъектінің әрекетін (сөйлеу) білдіріп тұр. Алайда, 5-сөйлемде сөйлеу әрекеті мағыналық жағынан күрделі. Ол жалаң сөйлеуді емес, сөйлеумен қоса берілген субъектінің негізгі мақсатын жеткізетін әрекетпен күрделенген. Фреймдік талдау:

а) нақты сөйлеу жағдаятында уәде беруге итерген себеп бар; ә) әрекет иесі субъектінің тыңдаушы алдында міндеті бар. Ол тыңдаушыны өз сөзіне сендіру үшін уәде беру керек болды. Уәдені ауызша беру арқылы сендіру мақсаты бар; б) сөйлеуші мен тыңдаушы арасында белгілі бір жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас және оның орындалуы бар; в) сөйлеу жағдаятын бақылаушы бар. Ол сөйлеуші әрекетіне баға берді. Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — пациенс — предикат.

6-сөйлемді фреймдік–семантикалық талдау: а) нақты сөйлеу жағдаяты бар; ә) сөйлеу жағдаятында тыңдаушы, сөйлеуші және бақылаушы бар; б) сөйлеушінің нақты шешімі бар; в) сөйлеуші әрекеті орын алған; г) сөйлеу әрекетінің мазмұны (не туралы) анық.Сөйлем мазмұнында сөйлесімді қалыптастырған когнитивті – прагматикалық шарттар толық қамтылмаған. Сондықтан сөйлемнің ақпараттық салмағы да, ықпалы да төмен.Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — пациенс — предикат. Тілдік қолданыстар:

Өзі қайырып алар деп, қой ұзап бара жатқан соң, қойшы да айдап келмепті.

Үйткені, болмашы бірдеңеден басталған кикілжіңнің аяғы ушығады екен,

дастархан жиналып сыртқа шыққасын тіріде ұмытылмастай ыңғайсыз

оқиғаға айналады екен деп, бұл өз басы, сірә да, ойлаған емес-ті (Ә.Нұрпейісов). Жарайды, ақшасына қызығып қабылдасын, тәуекел деп шығарсын.

• 7) *Сізге керекті дәрі-дәрмекті тауып, біз келгенше емдеп қояр деп ойлаймын.* Сөйлем мазмұнына фреймдік талдау:а) сөйлеу жағдаятында сөйлеуші және тыңдаушы бар; ә) қалыптасқан жағдай екеуіне де таныс; б) сөйлеуші – субъект тыңдаушыға белгілі бір жағдай туралы тұжырымын айтып жатыр. «Деп» көмекші етістігі сөйлеушінің ішкі ойын сыртқа шығаруда байланыстырушы қызмет атқарып тұр.Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — предикат.

8) Үй ішінде реңін анық аңғара алмай қойған әлдекімге әлдене **деп** тіл қатқысы келетін сияқты; оған бірақ дыбысы шықпады.

8-сөйлемде «деп» көмекші етістігі «тіл қату» сөзі жинақтап тұрған мазмұнды, сөйлеушінің сезімдік қалпын туғызған сыртқы пропозицияны жеткізіп, байланыстырушы қызмет атқарып тұр. Сөйлемді фреймдік–семантикалық талдау: а) нақты сөйлеу жағдаяты бар; ә) сөйлеушінің ниеті бар; б) сөйлеуші–субъектінің сөйлеу жағдаятына қатысты өз пайымдауы, бағалауы бар; г) тыңдаушы бар. Сөйлемнің семантикалық моделі:агенса — пациенс — предикат.Тілдік қолданыстар:

Бүгінгі күнге дейін шыдап келсе, Қоқан Россия патшасына қарсы жәрдем берер деп сеніп келгені;Төрт жыл бойы сол өмірге қалыптасып қалғандықтан ба, кім білсін, оқытушы жаңағы студентканы да аудиториядан қуып шығатын болар деп қауіптендім. Кенесарының жан

аямас қаттылығы, көзсіз ерлігі бәрі тек елінің еркіндігін аңсап, патша отаршылық қиянатынан құтылу тілегінен туған ерекше қасиеттері деп түсінетін (І.Есенберлин).

Сөйлемнің семантикалық моделі: агенс — пациенс — предикат.

«Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдарды фреймдік-семантикалық талдау танымда орын алатын категоризациялау үдерісіне тән мына белгілер мен олардың тілдік көріністері туралы жалпылауға мүмкіндік берді:

1) әрекеттің орын алған/алмағанын нақтылау (деп ойлау / деп айту/ деп есептеу / деп осыны айт);

2) әрекетті тудырған себеп-салдар (кектену қорқу / көмектесу / қолдау / іздеу / өтіну / сұрау / хабарлау),

3) әрекеттің мақсаттылығы (деп күтті / сену / түсіну/ пайымдау/ қабылдау);

4) әрекеттің уәжділік сипаты (етістік +айын деп келу (етістіктің барлық лсм топтары);

5) түсіндіру (дұрыс па деп ойлады / шешу / қарастыру / қарау/ ұсыну).

«Деп» көмекші етістігі сөйлем мазмұнында субъект танымында сөйлеу жағдаятымен байланысты туындаған ойлау үдерістерін жеткізу үшін қызмет етеді. «Деп» көмекші етістігінің негізгі лексикалық мағынасы сөйлеу әрекетін атау болып табылады. Ал сөйлеу әрекетіне субъективтілік сипат тән болғандықтан, «деп» көмекші етістігі адамның сыртқа шыққан/ шықпаған сезімдері мен пайымдауларын шынайы өмірмен байланыстырып, сөйлем мазмұнында жеткізеді. Сөйтіп танымдық деңгейде талдау, саралау, салыстыру, жинақтау әрекеттерін вербалды түрде бейнелейді. «Деп» көмекші етістікті полипредикативті құрылымдар субъектінің әрекетті әртүрлі аспектінде бағалауын (көзқарасы, мақсаты, ішкі психологиялық қалпы, уәжедемесі тұрғысынан) жеткізеді.

Зерттеу жұмысы «деп» көмекші етістігінің негізгі әрекетті әртүрлі аспектіден сипаттаушы, толықтырушы ақпаратты жеткізу үшін қолданылатынын, ал мағыналық байланыс түрі «деп» көмекші етістігімен емес, негізгі мағынаға ие толық предикат қызметіндегі етістіктердің лексикалық мағынасына қарай анықталатынын байқатты. Де етістігінің -п көсемше жұрнағымен қолданылуы оның адвербалдық қызметін анықтап тұрады. «Деп» көмекші етістігі сөйлемдегі синтаксистік қатынастарды байланыстырушы қызметін атқарады.

Қорытынды

«Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдарды когнитивті – семантикалық талдау оның нақты сөйлеу жағдаятына тәуелді субъектінің негізгі әрекетті әртүрлі аспектінде бағалауын бейнелейтін құрылым екенін анықтады. Бұл де етістігінің негізгі лексикалық мағынасы сөйлеумен байланысты.

«Деп» көмекші етістігінің барлық қолданысы субъектімен, оның сөйлеу (іштей, сырттай) әрекетімен байланысты. Ол адам әрекетінің қалыптасуын танымдағы ойлау әрекеттерімен, сезімдерімен байланыстыратын, процеспен байланысты танымда орын алатын категориязациялау үдерісін жеткізетін синтаксистік құрылымдар болып табылады. «Деп» көмекші етістігі сөйлемдегі негізгі пропозицияға сөйлеуші субъектінің бағасын, көзқарасын жеткізетін сөйлем компоненттерін беруге қатысады.

«Деп» көмекші етістікті сөйлемдерді жеке категория ретінде талдау олардың құрылымдық және семантикалық аспектілерінің әртүрлі болып келетіндігін көрсетті. «Деп» көмекші етістігінің екі түрлі қызметі анықталды: лексикалық мағынасы толық сақталатын қызметі және грамматикалық байланыстырушы, нақтылаушы қызметі.

Прототип — синтаксистік құрылымдардың ортақ белгілерін жинақтаған модель. Аталған синтаксистік құрылымдарға тән прототиптік модельдер: агенс –предикат.

«Деп» көмекші етістігінің лексикалық мағынасы (сөйлеу, айту) сақталатын қолданысы деп көмекші етістікті синтаксистік құрылымдардың орталығы болады да, ал субъектінің әртүрлі ой-сезімдерін жеткізетін қызметі оның перифериясын құрайды. «Деп» көмекші етістікті сөйлемдер ерекше құрылымдар емес. Олар жалпы тілдегі қалыптасқан сөйлемнің прототип модельдері бойынша құрылады. Ерекшелігі — сөйлем мазмұнында сөйлеу жағдаятын, дискурстық компоненттерді қамтуынан көрінеді.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда меңгертуде «деп» көмекші етістікті құрылымдардың ұйымдасу модельдерін өзара туындаушы байланысын сақтай отырып ұсыну тіл үйренушілерге оларды түсініп меңгеруін жеңілдетеді, қолдану дағдысын қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Лакофф Дж. Женщины. Огонь и опасные вещи. Что категория языка говорят нам о мышлении. – Пер. с англ. И.Б.Шатуновского. – М.: Языки славянской культуры. 2004. – 792 с.

[2] Фурс Л.А. Когнитивное моделирование синтаксиса // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2017. – №4 (013). – С. 81-86.

[3] Әбілқаев А. Де етістігінің мағыналары мен қызметі. – Алматы, 1958. – 74 б.

[4] Кубрякова Е.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.

[5] Норман Б. Когнитивный синтаксис русского языка: учеб. пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 254 с.

[6] Абишева К.М. Категоризация и ее основные принципы // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2013. – № 2 (035). – С.21-30.

[7] Шаймерденова Н.Г. Когнитивная семантика древнетюркских орхонских текстов: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алматы, 2007. – 56 с.

[8] Лангакер Р. Когнитивная грамматика. – Сер. Актуальные проблемы прикладного языкознания. – ИНИОН АН СССР, 1992. – 90 с.

[9] Болдырев Н.Н. Категориальная система языка // Когнитивные исследования языка. Вып. X. Категоризация мира в языке. – М.: Ин-т языкознания РАН; Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2012. – С. 17-120.

[10] Фурс Л.А. Особенности когнитивной категории в синтаксисе // Когнитивные категории в синтаксисе. кол. монография / под ред. Л.М. Ковалевой (отв. ред.), С.Ю. Богдановой, Т.И. Семеновой. – Иркутск: ИГЛУ, 2009. – С.21 -51.

[11] Fillmore Ch. Frame Semantics // Linguistics in the morning calm. – Seoul Nanshing Company 1982. – P. 111-137.

[12] Болдырев Н.Н. Когнитивный подход к изучению глагола и глагольных категории. // Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания. – Москва, 2000. – С. 50-63.

[13] Болдырев Н.Н. Фреймовая семантика как метод когнитивного анализа языковых единиц // Моделирование процессов функциональной категоризации глагола. – Тамбов: Изд-во ТГУ, 2000 – С. 163-171.

[14] Гусельникова О.В. Возможности фреймового анализа // Мир науки, культуры, образования. – 2009. – № 5 (17). – С. 29-31.

[15] John W. Du Bois, Rachel Giora. From cognitive-functional linguistics to dialogic syntax [Когнитивті функционалды синтаксистен диалогтік синтаксиске] // Cognitive Linguistics. – 2014. – № 25(3). – С.351-357.

REFERENCES

[1] Lakoff G. Zhenshina. Ogon' i opasniye veshi. Chto kategoria azjka govoriat nam o mishlenii [Women, Fire, Dangerous Things]. Per. s angl. Ī.V.Şatunovskogo. – М.: Yazyki slavyanskoi kultury, 2004. – 792 p.

[2] Furs L.A. Kognitivnoe modelirovanie sintaksisa [Cognitive modeling of syntax] // Voprosy kognitivnoi lingvistiki. – 2017. – №4 (013). – S. 81-86. [in Rus.]

[3] Abilkaev A. De etistiginiñ maqynalary men qyzmeti [Meanings and functions of the verb de]. – Almaty, 1958. – 74 p. [in Kaz.]

[4] Kubryakova E.S. Yazk i znanie: Na puti polucheniya znanii o yazyke: Chasti rechi s kognitivnoi tochki zreniya. Rol yazyka v poznanii mira [Language and knowledge: Towards acquiring knowledge about language: Parts of speech from a cognitive point of view. The role of language in understanding the world]. – E.S. Kubryakova. – Moskva: Yazyki slavyanskoi kultury, 2004. – 560 s. [in Rus.]

[5] Norman B. Kognitivnyi sintaksis russkogo yazyka: ucheb. posobie “ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы No. 1 (76) 2025

[Cognitive syntax of the Russian language: textbook]. – М.: FLINTA: Nauka, 2013. – 254 s. [in Rus.]

[6] Abisheva K.M. Categorization and its basic principles // Issues of cognitive linguistics. – 2013. – No. 2 (035). –21-30 p. [in Rus.]

[7] Şaimerdenova N.G. Kognitivnaia semantika drevnetürkskih orhonskih tekstov: avtoreferat disertatsii na soiskanie uchenoi stepeni doktora filologicheskikh nauk. – Almaty, 2007.-56 s

[8] Langaker R. Kognitivnaia grammatika. – Ser. Aktualnye problemy prikladnogo iazykoznanii. INION AN SSSR, 1992. – 90 s.

[9] Boldyrev N.N. Categorical system of language // Cognitive studies of language. Vol. X. Categorization of the world in language. – М.: Institute of Linguistics RAS; Tambov: Publishing House of TSU named after. G.R. Derzhavina, 2012. – P. 17-120.

[10] Furs L.A. Osobennosti kognitivnoi kategorii v sintaksise [Features of a cognitive category in syntax] // Kognitivnye kategorii v sintaksise: kol. monografiya / pod red. L.M. Kovalevoi (otv. red.), S.Yu. Bogdanovoi, T.I. Semenovoi. – İrkutsk: İGLU, 2009. – P.21-51.

[11] Fillmore Ch. Frame Semantics // Linguistics in the morning calm. – Seol Nanshing Company 1982. – P.111-137.

[12] Boldyrev N.N. Kognitivnyi podhod k izucheniyu glagola i glagolnyh kategorii. [A cognitive approach to the study of verbs and verb categories]// Traditsionnye problemy yazykoznaniiya v svete novykh paradigm znaniya. – Moskva, 2000. – P. 50-63.

[13] Boldyrev N.N. Freimovaya semantika kak metod kognitivnogo analiza yazykovykh edinits [Frame semantics as a method of cognitive analysis of linguistic units].// Modelirovanie protsessov funktsionalnoi kategorizatsii glagola. – Tambov: İzd-vo TGU.,2000 – P. 163-171.

[14] Guselnikova O.V. Vozmozhnosti freimovogo analiza [Frame analysis capabilities] // Mir nauki, kültury, obrazovania. – 2009. – № 5 (17). – P. 29-31.

[15] John W. Du Bois, Rachel Giora. From cognitive-functional linguistics to dialogic syntax // Cognitive Linguistics. – 2014: – № 25(3). – P.351-357.

КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СИНТАКСИЧЕСКИХ СТРУКТУР С ВСПОМОГАТЕЛЬНЫМ ГЛАГОЛОМ «ДЕП»

*Ерназарова З.Ш., Ерназарова Г.Ш.

*¹ҚазУМОиМЯ имени Аблайхана, Алматы, Казахстан

²Қызылординский Государственный Университет им. Қорқыт-Ата
Қызылорда, Казахстан

Аннотация. В данной статье представлен современный взгляд на семантику полипредикативных конструкций с вспомогательным глаголом «деп» в разрезе когнитивного аспекта казахского языка. Несмотря на то,

что функция и семантика конструкций с вспомогательным глаголом «деп» уже были исследованы с точки зрения структурной грамматики казахского языка, на сегодняшний день семантика данных конструкций была раскрыта не до конца. Это связано с лексическим значением вспомогательного глагола «де»—«говорить».

Когнитивный синтаксис является частью когнитивной грамматики, рассматривающий языковое выражение мыслительных категорий и стратегий человеческого сознания. Отличительная черта когнитивного направления в современном синтаксисе заключается в том, что она позволяет показать сложные взаимосвязи между мыслительно-понятийными категориями и конкретно языковыми способами их выражения.

Теоретическую базу данного исследования составляют теории о ментальном пространстве, концепте, концептуализации и категоризации, о фреймах в когнитивной лингвистике, а также теория прототипов в семантическом синтаксисе. Языковыми данными исследования являются материалы полученные из национального корпуса Алматы қазақ тілі корпусы, которые были анализированы по видам семантических отношений.

Оценка функции и значения вспомогательного глагола «деп» в синтаксических структурах, как языкового выражения процессов концептуализации, категоризации познания, позволила провести фреймовый анализ, предполагающий привлечение тех неязыковых знаний, которые востребованы для понимания функции вспомогательного глагола «деп» в полипредикативных конструкциях.

В результате исследования впервые были выявлены когнитивные модели полипредикативных конструкций с вспомогательным глаголом «деп». Это выражение цели, намерения субъекта действия (являющимися мотивацией последнего), акциональные взгляды субъекта о происходящих событиях.

Ключевые слова: вспомогательный глагол деп, синтаксическая структура, прототип, когнитивно-семантический аспект, фрейм, семантика, грамматика, когнитивная лингвистика

COGNITIVE-SEMANTIC ANALYSIS OF SYNTACTIC STRUCTURES WITH THE AUXILIARY VERB “DEP”

*Yernazarova Z.Sh.¹, Yernazarova G.Sh.²

^{*1} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

²Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract. This article presents a modern view of the semantics of polypredicative constructions with the auxiliary verb “dep” in the context of the cognitive aspect of the Kazakh language. Despite the fact that the function

and semantics of constructions with the auxiliary verb “dep” have already been studied from the point of view of the structural grammar of the Kazakh language, semantics of these constructions has not been fully disclosed due to the lexical meaning of the auxiliary verb “de” – “speak”.

Cognitive syntax is a part of cognitive grammar that studies linguistic expression of mental categories and strategies of human consciousness. A distinctive feature of the cognitive direction in modern syntax is that it allows one to show complex relationships between mental and conceptual categories and specific linguistic ways of expressing them.

The theoretical basis of this study consists of theories about mental space, concept, conceptualization and categorization, about frames in cognitive linguistics, as well as the theory of prototypes in semantic syntax. The linguistic data of the study are materials obtained from the national corpus of Almaty Kazakh corps, which were analyzed by types of semantic relations.

There was an assessment of function and meaning of the auxiliary verb “dep” in syntactic structures as a linguistic expression of the processes of conceptualization and categorization of cognition. This assessment involved frame analysis with non-linguistic knowledge, which is required to understand the function of the auxiliary verb “dep” in polypredicative constructions.

As a result, cognitive models of polypredicative constructions with the auxiliary verb “dep” were identified for the first time. These are an expression of the goal, the intentions of the subject of action (which is the latter’s motivation), the subject’s actional views about the events taking place.

Keywords: auxiliary verb dep, syntactic structure, prototype, cognitive-semantic aspect, frame, semantics, grammar, cognitive linguistics

Мақала түсті: 09 қазан 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Ерназарова Зәуреш Шаршабековна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: ernazarova07@mail.ru, guliya-09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>

Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбековна – филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: guliya-09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>

Информация об авторах:

Ерназарова Зәуреш Шаршабековна – доктор филологических наук, профессор, КазУМОиМЯ имени Аблайхана, Алматы, Казахстан, e-mail: ernazarova07@mail.ru, guliya-09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>

Ерназарова Гульбаршын Шаршыбековна – кандидат филологических наук, Кызылординский Государственный Университет им. Қорқыт-Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: guliya-09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>

Information about the authors:

Yernazarova Zauresh Sharshabekovna – Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3251-9718>, e-mail: ernazarova07@mail.ru

Yernazarova Gulbarshyn Sharshibekovna – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: guliya-09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>